

Квазимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілерін оңтайландыру мәселелері жөніндегі комиссия құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 365 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2015 № 1141 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес құрамда Квазимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілерін оңтайландыру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

16

сәуірдегі

№

365

қаулысымен

бекітілген

Квазимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілерін оңтайландыру мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Квazимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілерін оңтайландыру мәселелері жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) квazимемлекеттік секторды қысқарту және мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілерін тиімді пайдалану мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылды.

2. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) тексеру нәтижелері бойынша анықталған мемлекеттік жылжымайтын мүліктің артық аудандары;

2) мыналардың:

бәсекелестікті шектеуге жол бермеу мақсатында олар қызмет ететін тауар нарықтарын тексеруді талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген тұлғалардың;

құрылтайшысы мен акционері мемлекет болып табылатын басқарушы ұлттық холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы оларға тиесілі еншілес, тәуелді өзге де заңды тұлғалардың алдағы қызметі бойынша;

3) квazимемлекеттік сектор субъектілерін және стратегиялық емес сипаттағы өзге де ұйымдарды жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолданыстағы заңнамада көзделген шарттармен беру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдіктеріне осы Ереженің 4-тармағында көзделген мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін мемлекеттік органдардан, оның ішінде меншік

нысанына қарамастан, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік басқару органдарынан тиісті бейіндегі сарапшыларды, мамандарды тартуға, сондай-ақ қажет болған кезде жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және меншік нысанына қарамастан, ұйымдардан Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

4) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны оның төрағасы басқарады.

Комиссия төрағасы:

1) оның қызметіне жетекшілік етеді;

2) күн тәртібін, сондай-ақ Комиссияның отырыстары өткізілетін орын мен у а қ ы т т ы б е л г і л е й д і .

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары атқарады.

7. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

9. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін Комиссия хатшысы хаттама ресімдейді. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады.

11. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы

консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен жүргізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда ол жазбаша түрде баяндалуға және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен х а т ш ы қ о л қ о я д ы .

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

12. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12-1. Дауыс беру парақтарымен қоса Комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады .

Ескерту. Ереже 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Комиссияның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 6 с ә у і р д е г і
№ 3 6 5 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

Квазимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілерін оңтайландыру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970
қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төрағаның орынбасары
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің департамент
д и р е к т о р ы , х а т ш ы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
в и ц е - м и н и с т р і

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің төрағасы
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма
төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма
төрағасы (келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 6 с ә у і р д е г і

№ 3 6 5 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Күші жойылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің тізбесі

1. «Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру
және бәсекелес ортада олардың қызметін ретке келтіру мәселелері жөнінде
комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31
желтоқсандағы № 1513 қаулысы.

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және «Ішкі және
сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың
мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және
азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу
бойынша жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4

тамыздағы № 911 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және «Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 3-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 23, 320-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 27 қазандағы № 151-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 194 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 27 қазандағы № 151-ө өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 11-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 31, 412-құжат).

5. «Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру және бәсекелес ортада олардың қызметін ретке келтіру мәселелері жөнінде комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1513 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 шілдедегі № 947 қаулысы.

6. «Ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды және мемлекеттік кәсіпорындарды оңтайландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 239-ө өкімі.